

Кітап оқу – ақыл тынысы

Ауылды жерде оқырман үшін жаңалықтардың жаршысы - кітапхана. Ұрпақтан-ұрпаққа қалатын рухани мұраның, теңдесі жоқ байлықтың сақтаушысы, жоқтаушысы, насихаттаушысы, нағыз жанашырлары - ауыл кітапханашылары. Олардың мақсаты - кітап сынды құдіретті күштің әлемін ашуға, тануға құштарлығын ояту, білім-қару екенін тұрғындарға сезіндіру.

Қазіргі кезде жас жеткіншектердің өскелең талабын қанағаттандыруда, рухани байлығын, ой-өрісін дамытуда, жоғары эстетикалық талғамын қалыптастырып, қызығушылығын арттыруда алатын кітапхананың орны ерекше.

Елбасының «Рухани жаңғыру», «Туған жер» бағдарламасына сүйене отырып, Изенді үлгілі ауыл кітапханасында көптеген шаралар мен көрмелер ұйымдастырылуда. Латын қарпіне көшуге байланысты ұжымдар арасында «Жазып үйренейік» атты іс-шара өткізілді. Жоспар бойынша көптеген насихаттау жұмыстары да жүргізіледі.

Кітапханаға оқушылар жиі келіп, өздеріне қажетті әдебиеттерін жазғызып, білімдерін толықтырады. Бұл орын оқушылардың ой-өрісін дамытып, шығармашылықпен жұмыс істеуіне көп ықпалын тигізеді. «Кітап - асыл қазына» атты әдеби-шығармашылық ойыны балалар кітап апталығына арнап өткізілуде. Өзі бірнеше кезеңнен тұрады. «Кітап - досын іздейді» кітап көрмесі ұйымдастырылып, оқырмандарды шақырып тұрса, «Ертегілер беттерінен» ертегі ке-



йіпкерлерін талдау, «Сиқырлы сандық» сандықта жұмбақ, жаңылтпаш, мақал-мәтелдер, санамақтар, сұрақтар, қызықты ойындар бар. Сиқырлы сандық толық жауап алса, қатысушыны тәттісімен риза етеді.

«Ақылды ағаш» 3-4 сынып оқушыларына арналған сұрақ-жауап, «Мен оқыдым, сен оқы» кішкентай оқырман оқыған қызықты кітабын, досына ұсынып оқытады. Кітапханамен тығыз байланыста кітап оқу құндылықтарын бізбен бірге жеткізген үшін Нұра жалпы орта білім беретін мектебінің бастауыш сыныптарына және ұстаздарына алғыс айтамыз. Сонымен қатар, ауылдың мәдени іс-шараларына белсенді қатысатын қатысушыларға, оқырмандарға да ерекше ықылас білдіреміз.

«Досым, кітапханаға кітап сыйла!» акциясы бойынша кішкентай оқырман Кәрім Әбілда кітапхананың кітап қорына «Балықтар», «Құстар», «Туыстар», «Менің денем», «Мен оқығанды ұнатамын» сериясынан кітаптарын сыйлыққа тарту етті. Кәрімнің кітапқа деген қызығушылығы ерекше. Аптасына 3-4 рет келіп, іс-шараларға қатысып, біздерді куантады. Болар бала кітапқа жақын болары анық. Изенді үлгілі ауыл кітапханасында әр сала бойынша кітаптар бар. Оқырманға әр күн сайын есігіміз айқара ашық.

Изенді үлгілі ауылдық кітапханасы